  - Егер баптау орындалса, ЖШД көк түспен жыпылықтайды.

### Егер сіз баптау процесін орындаған болсаңыз


1. **Auto EQ** таңдалғанша,  (**Дыбысты басқару**) түймесін басыңыз.
2. **Tuning** параметрін таңдау үшін **Жоғары/Төмен** түймелерін басып,  түймесін басыңыз.
3. Келесі опциялардың бірін таңдау үшін **Жоғары/Төмен** түймелерін басыңыз.
  - **On**: бұрын бапталған EQ параметрлерін іске қосыңыз.
  - **Off**: әдепкі EQ параметрлерін іске қосыңыз.
  - **Tuning**: баптау процесін қайта бастатыңыз.

# 05 ТЕЛЕДИДАРҒА ҚОСУ

## HDMI ARC параметрін (аудио қайтару арнасы) қолдайтын теледидарды жалғау

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- HDMI кабелі және оптикалық кабель жалғанған кезде, алдымен HDMI сигналы қабылданады.
- Теледидар мен Soundbar құрылғысы арасында HDMI кабелін жалғау үшін ARC деп белгіленген клеммаларды міндетті түрде жалғаңыз. Әйтпесе теледидар дыбысы шықпауы мүмкін.
- Ұсынылатын кабель — High Speed HDMI Cable with Ethernet.



1. Soundbar құрылғысы мен теледидар өшірілген кезде, суретте көрсетілгендей HDMI кабелін жалғаңыз.
2. Soundbar құрылғысы мен теледидарды қосыңыз.
3. Soundbar негізгі құрылғысының дисплей терезесінде **"TV ARC"** жазуы пайда болады және Soundbar құрылғысы теледидардың дыбысын шығарады.
  - Теледидар дыбысы шықпайтын кезде Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **⊙ (Көп функция)** түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі **↔ (Көз)** түймесін басу арқылы **"D.IN"** режимін таңдауға болады. Экранда ретімен **"D.IN"** және **"TV ARC"** функциялары көрсетіледі және теледидардың дыбысы шығады.
  - eARC функциясын қолдайтын теледидарды жалғағанда, дисплейде **"eARC"** мәтіні көрсетіліп, дыбыс естіледі.
  - eARC функциясымен жалғау үшін, теледидардың мәзірінде eARC функциясы «Қосулы» күйіне орнатылуы керек. Параметр туралы толық мәліметті теледидардың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.  
(мыс., Samsung теледидары: Басты (🏠) → Мәзір → Баптаулар (⚙) → Барлық баптаулар (⚙) → Дыбыс → Expert Settings → HDMI-eARC Mode (Auto))
  - Soundbar негізгі құрылғысының дисплей терезесінде **"TV ARC"** жазуы пайда болмаса, HDMI кабелі қажетті портқа жалғанғанын растаңыз.
  - Soundbar құрылғысындағы дыбыс деңгейін өзгерту үшін теледидардың қашықтан басқару құралындағы дыбыс деңгейін реттеу түймелерін пайдаланыңыз.


### ЕСКЕРТПЕ

- HDMI ARC (Кері дыбыс арнасы) қолдайтын теледидарды HDMI кабелі арқылы Soundbar құрылғысына жалғаған кезде сандық бейне және дыбыс деректерін бөлек оптикалық кабельді жалғамай-ақ таратуға болады.
- Мүмкін болса, өзекшесіз HDMI кабелін пайдалануға кеңес береміз. Өзекшесі бар HDMI кабелін пайдаланатын болсаңыз, диаметрі 14 мм-ден аз болатынын пайдаланыңыз.
- HDMI кабелі ARC функциясын қолдамаса, бұл функция қолжетімді емес.
- Арнадағы дыбыс Dolby Digital жүйесінде кодталып, теледидардағы "Сандық шығыс аудио пішімі" PCM бағдарламасында орнатылған кезде, параметрді Dolby Digital деп өзгертуіңізге кеңес береміз. Теледидардағы параметр өзгерген кезде, дыбыс сапасы жақсарады. (Теледидар мәзірінде теледидардың өндірушісіне байланысты Dolby Digital және PCM үшін басқа сөздер пайдаланылуы мүмкін.)
- ARC/eARC хаттамалары Dolby Atmos технологиясына қолдау көрсетеді.
- Контент Dolby Atmos® функциясына қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз.

## Оптикалық кабель арқылы қосылу

### Алдын ала жалғаудың тексеру тізімі

- HDMI кабелі және оптикалық кабель жалғанған кезде, алдымен HDMI сигналы қабылданады.
- Оптокалық кабельдерді пайдаланғанда және клеммаларда қақпақтары болса, қақпақтарды алып тастаңыз.




1. Теледидар мен Soundbar құрылғысы өшірулі тұрғанда, Soundbar құрылғысындағы **DIGITAL AUDIO IN (OPTICAL)** портын және теледидардағы OPTICAL шығыс портын суретте көрсетілгендей оптикалық кабель (жеткізілмейді) арқылы жалғаңыз.
2. Soundbar құрылғысы мен теледидарды қосыңыз.
3. Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **○ (Көп функция)** түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі **⇒ (Көз)** түймесін басу арқылы "D.IN" режимін таңдауға болады.
4. Теледидар дыбысы Soundbar құрылғысынан шығады.



## Bluetooth арқылы қосылу

Samsung теледидары Bluetooth арқылы қосылған кезде, стерео дыбысты кабельдерді қоспай тыңдауға болады.

- Бір уақытта тек бір Samsung теледидарын жалғауға болады.
- Bluetooth қолдайтын Samsung теледидарын жалғауға болады. Теледидардың техникалық сипаттамаларын тексеріңіз.



### Бастапқы қосылым

1. «BT PAIRING» режимін енгізу үшін Soundbar қашықтан басқару пультіндегі **PAIR** түймесін басыңыз.

(НЕМЕСЕ) а. Үстіңгі панельдегі **○ (Көп функция)** түймесін басыңыз, одан кейін «BT» параметрін таңдаңыз.

«BT» режимі «BT PAIRING» режиміне бірнеше секунд ішінде автоматты түрде ауысады немесе қосылу жазбасы бар болса, «BT READY» режиміне ауысады.

б. «BT READY» хабары көрсетілгенде, Soundbar құрылғысының үстіңгі панеліндегі **⊗ (Микрофон қосылу/өшірулі)** түймесін 5 секундтан артық басып тұру арқылы «BT PAIRING» параметрін көрсетуге болады.

2. Samsung теледидарында Bluetooth режимін таңдаңыз.

(мысалы, Басты (🏠) → Мәзір → Баптаулар (⚙️) → Барлық баптаулар (⚙️) → Дыбыс → Дыбыс шығысы → Bluetooth динамиктері тізімі → Soundbar Q\*\*\*B (Bluetooth))

3. ТД экранындағы тізімнен «Soundbar Q\*\*\*B» тармағын таңдаңыз.

Қолжетімді Soundbar құрылғысы теледидардың Bluetooth құрылғылары тізімінде «Жұптастыруды қажет етеді» немесе «Жұптастырылған» деген жазумен көрсетіледі. Samsung теледидарын Soundbar құрылғысына қосу үшін хабарды таңдап, байланыс орнатыңыз.

• Samsung теледидары қосылған кезде, Soundbar құрылғысының алдыңғы дисплейінде [ТД атауы] → «BT» көрсетіледі.

4. Енді Samsung теледидарының дыбысын Soundbar құрылғысынан тыңдауға болады.

• Soundbar құрылғысын Samsung теледидарына алғаш рет қосқаннан кейін қайта қосу үшін «BT READY» режимін пайдаланыңыз.

### Құрылғы қосылмаған жағдайда

- Егер Samsung TV колонкалар тізімінде Soundbar құрылғысы (мысалы, Soundbar Q\*\*\*B) болса, оны жойыңыз.
- Содан кейін 1-3 қадамдарын қайталаңыз.

## Samsung теледидарынан Soundbar құрылғысын ажырату

Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **○ (Көп функция)** түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі **⏏ (Көз)** түймесін басу арқылы «BT» режимінен басқасын таңдауға болады.

• Samsung теледидары Soundbar құрылғысынан жауап алуы қажет болғандықтан, ажырату біраз уақытты алады.

(Samsung теледидарының үлгісіне байланысты қажетті уақыт әртүрлі болуы мүмкін.)

## BT READY және BT PAIRING арасындағы айырмашылық неде?

- **BT READY:** Бұл режимде бұрын жалғанған кез келген Samsung теледидарын немесе мобильді құрылғыны қайта жалғауға болады.
- **BT PAIRING:** Бұл режимде Soundbar құрылғысына жаңа құрылғыны жалғауға болады.  
(«BT» режимінде болғанда, Soundbar қашықтан басқару пультіндегі **PAIR** түймесін басыңыз немесе Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **⊗ (Микрофон қосылу/өшірулі)** түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.)

## Bluetooth байланысы бойынша ескертпелер

- Bluetooth байланысы арқылы қосылу үшін жаңа құрылғыны 1 м шеңберінде орналастырыңыз.
- Bluetooth құрылғысын қосқан кезде PIN кодын енгізу қажет болса, <0000> енгізіңіз.
- Soundbar құрылғысы дайын күйде 18 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі.
- Soundbar құрылғысы келесі жағдайларда Bluetooth арқылы іздеуді немесе қосылуды дұрыс атқармауы мүмкін:
  - Soundbar құрылғысының айналасында күшті электр өрісі болған жағдайда.
  - Бірнеше Bluetooth құрылғысы Soundbar құрылғысымен үздіксіз жұптасқан жағдайда.
  - Bluetooth құрылғысы өшірулі, орнында емес немесе ақаулықтар болған жағдайда.
- Электрондық құрылғылар да радиокедергілердің пайда болуына себеп болады. Микротолқынды пеш, сымсыз LAN құрылғылары және басқа да электрмагниттік толқын шығаратын құрылғыларды Soundbar негізгі құрылғысынан алшақ ұстаңыз.

## Wi-Fi арқылы жалғау

### Алдын ала жалғаудың тексеру тізімі

- Wi-Fi қосылымы тек Samsung теледидарында қолжетімді.
- **Сымсыз маршрутизатор (Wi-Fi)** қосылғанын және **теледидар маршрутизаторға жалғанғанын** тексеріңіз.
- Теледидар мен Soundbar құрылғысы бірдей сымсыз желіге (Wi-Fi) жалғанған болуы керек.
- Егер сымсыз маршрутизатор (Wi-Fi) DFS арнасын пайдаланса, теледидар мен Soundbar құрылғысы арасында Wi-Fi қосылымын орнату мүмкін болмайды. Мәліметтерді алу үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- Өндірілген жылына байланысты мәзірлер әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан теледидар нұсқаулығын қараңыз.
- Теледидарды Soundbar құрылғысына Wi-Fi желісі арқылы жалғау үшін Soundbar құрылғысын алдымен сымсыз маршрутизаторға жалғаңыз. Wi-Fi қосылымын орнату әдісі туралы мәліметтерді 27-беттен қараңыз.


1. Soundbar құрылғысына Wi-Fi қосылымы туралы қосымша ақпаратты 27-беттегі **“2-әдіс. Wi-Fi (сымсыз желі) арқылы қосылу”** бөлімінен қараңыз.
2. Аудио мәзірін пайдаланып Soundbar құрылғысына теледидардың кіріс көзін өзгертіңіз.
  - **2017 немесе одан кейінгі жылы шыққан Samsung теледидарлары**  
Басты (🏠) → Мәзір → Баптаулар (⚙️) → Барлық баптаулар (⚙️) → Дыбыс → Дыб.шығысы → Soundbar Q\*\*\*B (Wi-Fi)

### ЕСКЕРТПЕ

Wi-Fi Dolby Atmos байланысы кейбір Samsung теледидарларында және кейбір Soundbar модельдерінде қолжетімді.

## Q-Symphony функциясын пайдалану

Q-Symphony үшін Soundbar құрылғысы оңтайлы көлемді дыбыс әсерін беру мақсатында екі құрылғы арқылы дыбыс шығару үшін Samsung теледидарымен синхрондалады. Soundbar құрылғысы жалғанғанда, теледидардың **Дыб.шығысы** мәзірінде **"TV+Soundbar"** пайда болады. Тиісті мәзірді таңдаңыз.



- Теледидар мәзірінің мысалы: **TV + [AV] Soundbar сериясының атауы (HDMI)**



- Теледидар мәзірінің мысалы: **TV + [AV] Soundbar сериясының аты (Wi-Fi)**

### ЕСКЕРТПЕ

- Ол теледидар қолдайтын Codec стандартына сәйкес жұмыс істей алады.
- Бұл функция тек HDMI кабелі немесе Оптикалық кабель (жинақпен бірге берілмейді) жалғанған немесе Wi-Fi желісі қосылған кезде ғана қолданылады.
- ТД үлгісіне қарай көрсетілген хабарлама әртүрлі болуы мүмкін.
- Теледидар мен Soundbar құрылғысының бір сымсыз маршрутизаторға/жиілікке жалғанғандығына көз жеткізіңіз.
- Бұл функцияны кейбір Samsung TV құрылғыларында және кейбір Soundbar үлгілерінде қолдануға болады.

# Spacefit дыбысын пайдалану

Тыңдау кеңістіктерін сараптау арқылы оңтайландырылған дыбыс сапасын қамтамасыз етеді.

## 1-әдіс. Soundbar құрылғысы арқылы қосылу

Бұл функцияны іске қосу үшін Soundbar құрылғысының қашықтан басқару пультімен Spacefit sound режимін қосыңыз.

(🔊 (Дыбысты басқару) → "Spacefit sound Off" → ▲ ( Жоғары ) → "Spacefit sound On")

- Бұл барлық дыбыстық режимдерде қолжетімді.

## 2-әдіс. ТД арқылы қосылу

Осы функцияны қосу үшін Samsung теледидары мәзіріндегі Бейімделетін дыбыс+ режимін қосыңыз.

(Басты (🏠) → Мәзір → Баптаулар (⚙️) → Барлық баптаулар (⚙️) → General → Зерделі режим параметрлері → Бейімделетін дыбыс+)

- Теледидардағы **Бейімделетін дыбыс+** режимін қоссаңыз, Soundbar құрылғысындағы дыбыс режимі **Бейімделетін дыбыс+** режиміне автоматты түрде өзгереді.

## ЕСКЕРТПЕ


Soundbar құрылғысы Samsung теледидарларының кез келгеніне жалғанғанда, осы функция жұмыс істейді.

## 06 СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОСУ

### 1-әдіс. HDMI кабелі арқылы қосылу (Dolby Atmos / DTS:X декодтау және ойнату функцияларын атқара алады)

#### Алдын ала жалғаудың тексеру тізімі

- Егер «Аудио шығысы» опциясына «Қосалқы аудио» параметрі кірсе, «Қосалқы аудио» параметрі «Өшірулі» күйіне орнатылғанын тексеріңіз.
- Контенттің Dolby Atmos® / DTS:X функциясын қолдайтынына көз жеткізіңіз.



1. Сыртқы құрылғыдағы HDMI OUT порты мен Soundbar құрылғысының астыңғы жағындағы HDMI портын HDMI кабелі арқылы жалғаңыз.
2. Теледидардағы HDMI IN порты мен Soundbar құрылғысының астыңғы жағындағы HDMI TO TV (eARC/ARC) портын HDMI кабелі арқылы жалғаңыз.
3. Soundbar құрылғысын, теледидарды және сыртқы құрылғыны қосыңыз.
4. “HDMI1” немесе “HDMI 2” режимін таңдау үшін Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **○ (Көп функция)** түймесін немесе қашықтан басқару пультындағы **⇒ (Көз)** түймесін басыңыз.
5. Soundbar дисплейі ағымда “HDMI1” немесе “HDMI 2” режимінің таңдалғанын көрсетеді және Soundbar дыбыстар ойната бастайды.

#### ЕСКЕРТПЕ


- Сіз Dolby Atmos® / DTS:X жүйесін пайдаланғанда: егер кіріс көзі Dolby Atmos® / DTS:X болса, 10-беттегі “Дыбыс әсерінің әртүрлі режимдеріне арналған шығыс сипаттамалары” бөлімін қараңыз.
- Dolby Atmos® функциясын белсендіргенде, алдыңғы дисплейде “DOLBY ATMOS” мәтіні пайда болады.
- DTS:X белсендірілген кезде алдыңғы дисплейде “DTS:X” пайда болады.
- **BD ойнатқышында немесе басқа құрылғыларда Dolby Atmos® / DTS:X функциясын конфигурациялау**  
BD ойнатқышының немесе басқа құрылғының «Параметрлер» мәзіріндегі «Аудио шығысы» опцияларын ашып, Bitstream үшін «Қодтау жоқ» параметрі таңдалғанын тексеріңіз. Мысалы, Samsung BD ойнатқышында Басты мәзір → Дыбыс → Сандық шығыс тармағына өтіп, Bitstream (өңделмеген) опциясын таңдаңыз.

#### Қолдау көрсетілетін UHD Signals Specification (3840 x 2160p)

Кадр жиілігі (кадр/сек)	Түс тереңдігі	RGB 4:4:4	YCbCr 4:4:4	YCbCr 4:2:2	YCbCr 4:2:0
< 60	8 бит	0	0	0	0
	10 бит	-	-	0	0
	12 бит	-	-	0	0
120	8 бит	-	-	-	-
	10 бит	-	-	-	-

- Қолдау көрсетілетін сипаттама жалғанған сыртқы құрылғыға немесе пайдалану шарттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

## 2-әдіс. Оптикалық кабель арқылы қосылу




1. Soundbar құрылғысының негізгі панеліндегі DIGITAL AUDIO IN (OPTICAL) портын және сыртқы құрылғыдағы OPTICAL OUT портын жалғау үшін оптикалық кабельді (бірге берілмейді) пайдаланыңыз.
2. Soundbar құрылғысы мен сыртқы құрылғыны қосыңыз.
3. “D.IN” режимін таңдау үшін Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **○ (Көп функция)** түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі **⇒ (Көз)** түймесін басыңыз.
4. Soundbar құрылғысы сыртқы құрылғыдан дыбыстарды ойнатады.

# 07 МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОСУ

## 1-әдіс. Bluetooth арқылы қосылу

Мобильді құрылғы Bluetooth арқылы қосылған кезде, стерео дыбысты кабельдерсіз естуге болады.

- Жұптасқан Bluetooth құрылғысын Soundbar құрылғысының өшірулі күйінде жалғаған кезде, Soundbar құрылғысы автоматты түрде қосылады.



### Бастапқы қосылым

- Жаңа Bluetooth құрылғысына қосылған кезде құрылғының 1 м шеңберінде болғанына көз жеткізіңіз.

1. "BT PAIRING" режимін енгізу үшін Soundbar қашықтан басқару пультіндегі **PAIR** түймесін басыңыз.

(НЕМЕСЕ) a. Үстіңгі панельдегі **○ (Көп функция)** түймесін басыңыз, одан кейін "BT" параметрін таңдаңыз.

"BT" режимі "BT PAIRING" режиміне бірнеше секунд ішінде автоматты түрде ауысады немесе қосылу жазбасы бар болса, "BT READY" режиміне ауысады.

b. "BT READY" хабары көрсетілгенде Soundbar құрылғысының үстіңгі панеліндегі **⊗ (Микрофон қосу/өшірулі)** түймесін 5 секундтан артық басып тұру арқылы "BT PAIRING" параметрін көрсетуге болады.

2. Құрылғыңызда пайда болатын тізімнен "Soundbar Q\*\*\*B" тармағын таңдаңыз.

- Soundbar құрылғысы мобильді құрылғыға қосылған кезде, алдыңғы дисплейде [Мобильді құрылғының атауы] → "BT" пайда болады.

3. Музыка файлдарын Bluetooth және Soundbar құрылғысы арқылы қосылған құрылғыдан ойнатыңыз.

- Soundbar құрылғысын мобильді құрылғыға алғаш рет қосқаннан кейін қайта қосу үшін "BT READY" режимін пайдаланыңыз.

### Құрылғы қосылмаған жағдайда

- Егер Мобильді құрылғыдағы колонкалар тізімінде Soundbar құрылғысы (мысалы, "Soundbar Q\*\*\*B") болса, оны жойыңыз.
- 1-ші және 2-ші қадамды қайталаңыз.

### BT READY және BT PAIRING арасындағы айырмашылық неде?

- BT READY:** Бұл режимде бұрын жалғанған кез келген Samsung теледидарын немесе мобильді құрылғыны қайта жалғауға болады.
- BT PAIRING:** Бұл режимде Soundbar құрылғысына жаңа құрылғыны жалғауға болады.  
("BT" режимінде болғанда Soundbar қашықтан басқару пультіндегі **PAIR** түймесін басыңыз немесе Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы **⊗ (Микрофон қосу/өшірулі)** түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.)

### Bluetooth байланысы бойынша ескертпелер

- Bluetooth байланысы арқылы қосылу үшін жаңа құрылғыны 1 м шеңберінде орналастырыңыз.
- Bluetooth құрылғысын қосқан кезде PIN кодын енгізу қажет болса, <0000> енгізіңіз.
- Soundbar құрылғысы дайын күйде 18 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі.
- Soundbar құрылғысы келесі жағдайларда Bluetooth арқылы іздеуді немесе қосылуды дұрыс атқармауы мүмкін:
  - Soundbar құрылғысының айналасында күшті электр өрісі болған жағдайда.
  - Бірнеше Bluetooth құрылғысы Soundbar құрылғысымен үздіксіз жұптасқан жағдайда.
  - Bluetooth құрылғысы өшірулі, орнында емес немесе ақаулықтар болған жағдайда.
- Электрондық құрылғылар да радиокедергілердің пайда болуына себеп болады. Микротолқынды пеш, сымсыз LAN құрылғылары және басқа да электромагниттік толқын шығаратын құрылғыларды Soundbar негізгі құрылғысынан алшақ ұстаңыз.
- Soundbar құрылғысы SBC деректерін (44,1 кГц, 48 кГц) қолдайды.
- A2DP (AV) функциясын қолдайтын Bluetooth құрылғысына ғана жалғаңыз.
- Soundbar құрылғысын тек HF (Hands Free) функциясын қолдайтын Bluetooth құрылғысына жалғау мүмкін емес.
- Soundbar құрылғысын Bluetooth құрылғысына жалғағанда, оларды бір-біріне мүмкіндігінше жақын қойыңыз.
- Soundbar құрылғысы мен Bluetooth құрылғысы бір-бірінен алыс орналасқан сайын, дыбыс сапасы төмендей береді. Bluetooth байланысы құрылғылар қосыла алатын аймақтан тыс болғанда үзілуі мүмкін.
- Қабылдау мүмкіндігі төмен аймақтарда Bluetooth қосылымы күтілетіндей жұмыс істемеуі мүмкін.



- Келесі жағдайларда Bluetooth құрылғысынан шуыл шығуы немесе ақау пайда болуы мүмкін:
  - Дене Bluetooth құрылғысындағы немесе Soundbar құрылғысындағы сигнал трансиверіне тигенде
  - Электрлік өзгерістер пайда болуы мүмкін бұрыштарда немесе жақын жерде қабырға немесе арақабырға сияқты кедергі болғанда.
  - Медициналық жабдық, микротолқынды пештер және сымсыз LAN құрылғылары сияқты бірдей жиілік ауқымдарында жұмыс істейтін басқа өнімдерден радио кедергілер болғанда.
  - Құрылғылар тиімді ауқымда болса да, есіктер мен қабырғалар сияқты кедергілер дыбыс сапасына әсер етуі мүмкін.
- Bluetooth опциясын пайдалану барысында Soundbar құрылғысын басқа Bluetooth құрылғыларымен жұптастыру мүмкін емес екенін ескеріңіз.
- Жұмыс барысында осы сымсыз құрылғыдан электрлік кедергі шығуы мүмкін.

### **Bluetooth құрылғысын Soundbar құрылғысынан ажырату**

Bluetooth құрылғысын Soundbar құрылғысынан ажыратуға болады. Нұсқауларды Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

- Soundbar құрылғысы ажыратылатын болады.
- Soundbar құрылғысын Bluetooth құрылғысынан ажыратқан кезде, Soundbar құрылғысының алдыңғы дисплейінде “BT DISCONNECTED” деген жазу көрсетіледі.

### **Soundbar құрылғысын Bluetooth құрылғысынан ажырату**

Soundbar құрылғысының жоғарғы жағындағы  (Көп функция) түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі  (Көз) түймесін басу арқылы “BT” режимінен басқасына ауыстыруға болады.

- Bluetooth құрылғысы Soundbar құрылғысынан жауап алу қажет болғандықтан, ажыратуға шамалы уақыт кетеді. (Bluetooth құрылғысына байланысты ажырату уақыты әртүрлі болуы мүмкін)
- Soundbar құрылғысын Bluetooth құрылғысынан ажыратқан кезде, Soundbar құрылғысының алдыңғы дисплейінде “BT DISCONNECTED” деген жазу көрсетіледі.




## 2-әдіс. Wi-Fi (сымсыз желі) арқылы қосылу

Soundbar құрылғысын сымсыз желі (Wi-Fi) арқылы мобильді құрылғыға қосу үшін **SmartThings** бағдарламасы қажет.

### Бастапқы қосылым


1. Мобильді құрылғыдан (смартфон немесе планшет) **SmartThings** қолданбасын орнатып, іске қосыңыз.
2. Қолданбада Soundbar құрылғысын қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
  - Автоматты қалқымалы терезе (төмендегі екінші скриншот) кейбір құрылғыларда көрсетілмеуі мүмкін. Егер қалқымалы терезе көрсетілмесе, **Home** экранындағы **+** түймесін басыңыз. Soundbar құрылғысы қолданбаға қосылады.
  - Төмендегі сурет қолданба нұсқасына сай өзгеше болуы мүмкін.



## Tap Sound функциясын пайдалану

Мобильді құрылғыдағы контенттің дыбысын Soundbar құрылғысы арқылы ойнату үшін мобильді құрылғыңыздағы Soundbar белгісін түртіңіз.

- Мобильді құрылғыға байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Бұл функция Android 8.1 немесе одан кейінгі нұсқадағы Samsung мобильді құрылғыларымен ғана үйлесімді.



1. Мобильді құрылғыдағы **Tap Sound** функциясын қосыңыз.
  - Функция қосу әдісі туралы мәліметтерді төмендегі **“Tap Sound” функциясын реттеу** бөлімінен қараңыз.
2. Soundbar белгісін мобильді құрылғымен түртіңіз. Көрсетілген хабарлама терезесіндегі **“Start now”** опциясын таңдаңыз. Bluetooth арқылы мобильді құрылғы мен Soundbar арасында байланыс орнатылады.
3. Мобильді құрылғыдағы контенттің дыбысын Soundbar арқылы ойнату.
  - Бұл функция құрылғы Soundbar құрылғысына тигенде пайда болатын дірілді сезу арқылы мобильді құрылғыны Soundbar құрылғысына Bluetooth функциясы арқылы жалғайды.
  - Мобильді құрылғының Soundbar құрылғысының өткір бұрышына тимейтініне көз жеткізіңіз. Soundbar немесе мобильді құрылғы сырылуы немесе зақымдалуы мүмкін.
  - Мобильді құрылғыны жабынмен жауып қою ұсынылады. Soundbar құрылғысының жоғарғы бөлігіндегі кең аймақты, шамадан тыс күш жұмсамай, аздап түртіңіз.
  - Бұл функцияны пайдалану үшін **SmartThings** қолданбасын соңғы нұсқасына дейін жаңартыңыз. Қолданбаның нұсқасына байланысты функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### “Tap Sound” функциясын реттеу

**Tap View, Tap Sound** функциясын қосу үшін **SmartThings** қолданбасын пайдаланыңыз.

1. Мобильді құрылғыдағы **SmartThings** қолданбасын іске қосыңыз.
2. Мобильді құрылғыда көрсетілген **SmartThings** қолданба экранында (☰ → ⚙️) таңдаңыз.
3. Мобильді құрылғы Soundbar құрылғысына жақындаған кезде, функцияның жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін **“Tap View, Tap Sound”** функциясын қосулы күйге орнатыңыз. Функция қосылады.


### **ЕСКЕРТПЕ**

- Мобильді құрылғы қуатты үнемдеу режимінде болған кезде, **Tap Sound** функциясы жұмыс істемейді.
- Егер Soundbar құрылғысының жанында электрлік құрылғылар сияқты радио кедергілер тудыратын құрылғылар болса, **Tap Sound** функциясы жұмыс істемейді мүмкін. Радио кедергі тудыра алатын құрылғылардың Soundbar құрылғысынан жеткілікті қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз.

## 08 APPLE AIRPLAY 2 АРҚЫЛЫ ҚОСЫЛУ

- Бұл мүмкіндік кейбір елдерде болмауы мүмкін.
- Бұл Samsung Soundbar құрылғысы AirPlay 2 функциясын қолдайды және iOS 11.4 операциялық жүйесін немесе одан кейінгі нұсқасын қажет етеді.

AirPlay 2 арқылы Apple құрылғыларынан Samsung Soundbar құрылғысына музыканы, подкасттарды және басқа аудионы ағынмен жіберуге болады.


- Soundbar құрылғысының қуаты қосылып, Apple құрылғыңыз жалғанған Wi-Fi желісіне қосылғанын тексеріңіз.
- AirPlay қолдайтын қолданбадан немесе iPhone, iPad немесе Mac құрылғысындағы Басқару орталығынан  параметрін таңдаңыз.
- Ағымдағы аудионы ойнату үшін қолжетімді құрылғылар тізімінен Soundbar құрылғысын таңдаңыз.

# 09 ҚАБЫРҒАҒА БЕКІТКІШТІ ОРНАТУ


## Орнату бойынша сақтық шаралары

- Тек тік қабырғаға орнатыңыз.
- Температурасы жоғары немесе ылғалды жерлерде орнатпаңыз.
- Қабырғаның беріктігі өнімнің салмағын ұстап тұру үшін жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз. Жеткіліксіз болса, қабырғаны қатайтыңыз немесе басқа орнату нүктесін таңдаңыз.
- Қабырғаңызға (гипскартон, темір тақта, ағаш және т.б.) сәйкес келетін бекіткіш бұрандаларды немесе бекіткіштерді сатып алып пайдаланыңыз. Мүмкін болса, қабырға тіректеріне тіреуіш бұрандаларды бекітіңіз.
- Қабырғаға монтаждау бұрандаларын Soundbar құрылғысын орнатқыңыз келген қабырғаның түрі мен қалыңдығына қарай сатып алыңыз.
  - Диаметрі: M5
  - Ұзындығы: 35 мм немесе одан ұзынырақ ұсынылады.
- Soundbar құрылғысын қабырғаға орнатудан бұрын құрылғының кабельдерін сыртқы құрылғыларға жалғап алыңыз.
- Орнатар алдында, құрылғының өшіп тұрғанына және қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе ток соғуы мүмкін.


## Қабырғаға бекіткіш компоненттері




1. Қабырғаға бекіткіш бағыттауышын қабырғаға орнатыңыз.
  - Қабырғаға бекіткіш бағыттауышын деңгейі түзу болуы керек.
  - Егер теледидар қабырғаға бекітілсе, Soundbar құрылғысын теледидардан кемінде 5 см төмен орнату керек.




2. Қабырғаға бекіткіш бағыттауышын орталық сызығын теледидардың ортасымен (егер Soundbar құрылғысын теледидардан төмен бекітіп жатсаңыз) туралаңыз, одан кейін Қабырғаға бекіткіш бағыттауышын қабырғаға лента арқылы бекітіңіз.
  - Егер теледидардан төмен бекітіп жатпасаңыз, Орталық сызықты орнату аймағының ортасына қойыңыз.




3. Бекіту бұрандаларына арналған тесіктерді белгілеу үшін қаламсап ұшымен немесе ұшты қаламмен бағыттауыштың әрбір шетіндегі А ТҮРІ кескіндерінің ортасына басыңыз да, Қабырғаға бекіткіш бағыттауышын алып тастаңыз.



4. Сәйкес өлшемді бұрғыны пайдалана отырып, қабырғадағы әр белгіге бұрғылап тесік тесіңіз.
  - Егер белгілер шпилькалардың позицияларына сәйкес келмесе, тірек бұрандаларын салмас бұрын, саңылауларға тиісті анкерлерді немесе Молли болттарын салыңыз. Бекіткіштер мен болттарды пайдалансаңыз, сіз бұрғылап тескен тесіктердің пайдаланылатын бекіткіштер не болттар үшін жеткілікті түрде үлкен екеніне көз жеткізіңіз.
5. Бұранданы (берілмейді) әрбір Тұтқыш бұранда арқылы итеріп, әр бұранданы тірек бұранда тесігіне мықтап бекітіңіз.



6. 2 кронштейн-қабырға бекіткішін Soundbar құрылғысының төменгі жағына дұрыс бағытта 2 бұранда арқылы орнатыңыз.




- Жинағанда Кронштейн-қабырға бекіткіштерінің ілгіш бөлігі Soundbar құрылғысының артқы жағында орналасқанын тексеріңіз.

Soundbar құрылғысының артқы жағы




Soundbar құрылғысының оң жақ шеті

7. Ұстағыш-бұрандалардағы Кронштейн-қабырға бекіткіштерін қабырғаға илу арқылы тіркелген Кронштейн-қабырға бекіткіштерімен Soundbar құрылғысын орнатыңыз.



8. Soundbar құрылғысын Кронштейн-қабырға бекіткіштері Ұстағыш-бұрандаларда мықтап тірелетіндей етіп төменде көрсетілгендей төмен сырғытыңыз.

- Ұстағыш-бұрандаларды Кронштейн-қабырға бекіткіштерінің кең (төменгі) бөлігіне салыңыз, одан кейін Кронштейн-қабырға бекіткіштерін Кронштейн-қабырға бекіткіштері Ұстағыш-бұрандаларда мықтап тірелетіндей етіп төмен сырғытыңыз.




## Дыбыс колонкаларын Қабырғаға орнату

Дыбыс колонкаларын қабырғаға орнату үшін қабырға бекітпелерін бөлек сатып алуыңызға болады.

Samsung Electronics қабырға бекітпелерін сатпайды.

### Дыбыс колонкаларын қабырғаға бекіту жөніндегі ескертпелер

- Көлемдік дыбыс колонкасының қабырға бекітпелері 8,0 кг-нан артық салмақты көтере алатындай болуы керек.
- Саңылау өлшемі: 1/4 - 20 UNC резьбалы кіріс
  - Стандартты бұранда: 6,35 мм ө, 1,27мм қадам
  - Ұзындығы: 18 мм ұзын
  - Саны: Сол жақ 1 EA / Оң жақ 1 EA



- Қабырғаға бекіту кронштейндерін орнатудан бұрын қабырғаның беріктігін тексеріп алыңыз. Егер жеткілікті шамада берік болмаса, Қабырғаға бекіту кронштейндері мен колонкаларды қабырғаға орнатудан бұрын қабырғаны ауқаулаңыз.
- Өнімнің қабырғаға дұрыс орнатылмауы себебінен өнім зақымдалған жағдайда Samsung Electronics жауапты болмайды.
- Колонкаларды бүйірінен немесе төңкерілген күйде орнатпаңыз.


## 10 SOUNDBAR ҚҰРЫЛҒЫСЫН ТД АЛДЫНДА ОРНАТУ

### Компонент




Резеңке аяқ

Орнату үшін Soundbar құрылғысын ТД тұғырының үстіне орналастырмас бұрын құрылғының астыңғы жағына **Резеңке аяқтарды** бекітіңіз. **Резеңке аяқтар** теледидар тұғырының жиектерінен шығып тұрмайтындай етіп тіркелгенін тексеріңіз. Төмендегі суретті қараңыз.




Soundbar құрылғысын ТД тұғырына қойыңыз.



Кескінде көрсетілгендей, Soundbar құрылғысының ортасын теледидар ортасымен тураңыз, Soundbar құрылғысын теледидар тірегіне абайлап орналастырыңыз.

Бұл кезде микрофондарды тіректің алдына дауыс тануға кедергі жасамайтындай етіп орналастырыңыз.



Soundbar құрылғысының оң жақ шеті

#### ЕСКЕРТПЕ

- Soundbar құрылғысын міндетті түрде тегіс және қатты бетке қойыңыз.
- Теледидармен арадағы бос орынның жеткіліксіз болуы дауыс тану және акустика мәселелеріне себеп болуы мүмкін.
- Жоғарыдағы сурет тиісті модельге қарай өзгеше болады.


## 11 БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ЖАҢАРТУЫ

### Автоматты түрде жаңарту

Soundbar құрылғысы интернетке қосылған кезде, Soundbar құрылғысы өшірілген болса да, бағдарламалық жасақтаманы жаңарту автоматты түрде жүзеге асырылады.

- Автоматты түрде жаңарту функциясын пайдалану үшін, Soundbar құрылғысы интернетке қосылып тұруы керек. Soundbar құрылғысының қуат сымы ажыратылса немесе қуат өшірілсе, Soundbar құрылғысына қосылған Wi-Fi желісі ажыратылады. Егер қуат көзінен ажыратылған болса, қуат қайта қосылған кезде немесе қуат сымын қайта жалғаған кезде, Soundbar құрылғысын іске қосып, содан кейін оны интернетке қайта қосыңыз.

### USB арқылы жаңарту




Болашақта Samsung компаниясы Soundbar жүйесінің микробағдарламасы үшін жаңартуларды ұсынуы мүмкін.

Жаңарту қолжетімді болғанда, Soundbar құрылғысының **SERVICE** портына микробағдарлама жаңартымын қамтитын USB дискісін жалғау арқылы Soundbar құрылғысын жаңартуға болады.

1. Samsung веб-сайтына ([www.samsung.com](http://www.samsung.com)) өтіңіз → клиенттерге қолдау көрсету мәзірі опциясында үлгі атауын іздеңіз.
  - Жаңарту туралы Қосымша ақпаратты жаңарту нұсқаулығынан қараңыз.
2. Жаңарту файлы (USB түрі) жүктеп алыңыз.
3. Файл атауы бар қалтаны жасау үшін файлды мұрағаттан шығарыңыз.
4. Жасалған қалтаны USB жадында сақтап, содан кейін оны Soundbar құрылғысына қосыңыз.
5. Soundbar құрылғысын қосыңыз. Одан кейін **“UPDATE”** хабары көрсетіліп, өнім 3 минут ішінде жаңартылады.
  - Жаңарту барысында оны өшірмеңіз немесе USB құрылғысын алып тастамаңыз.
  - Егер дисплей терезесінде **“UPDATE”** хабары көрсетілмесе, қуат сымын Soundbar құрылғысынан алып тастап, оны қайта жалғаңыз.
  - Ең соңғы нұсқа орнатылғанда, жаңарту орындалмайды.
  - USB түріне байланысты жаңартуға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Іске қосу



Soundbar құрылғысы қосылып тұрғанда корпустағы — + (Дыбыс деңгейі) түймелерін бір уақытта кемінде 5 секунд басып тұрыңыз. Дисплейде "INIT" жазуы пайда болады да, Soundbar құрылғысы іске қосылады.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Soundbar құрылғысының барлық параметрі іске қосылады. Мұны міндетті түрде тек іске қосу қажет болғанда орындаңыз.

## 12 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Көмек сұрамас бұрын, мыналарды тексеріңіз.

### Soundbar қосылмайды.

- Soundbar құрылғысының қуат сымы розеткаға дұрыс салынғанын тексеріңіз.

### Soundbar тұрақсыз жұмыс істейді.

- Қуат сымын суырып алғаннан кейін оны қайтадан салыңыз.
- Сыртқы құрылғының қуатын өшіріп, қосып, әрекетті қайталаңыз.
- Сигнал болмаған кезде, Soundbar құрылғысы белгілі бір уақыт аралығында автоматты түрде өшіріледі. Қуатты қосыңыз. (8-бетті қараңыз.)

### Қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді

- Қашықтан басқару пультіні Soundbar тақтасына тура бағыттаңыз.
- Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз.

### Soundbar құрылғысындағы индикатор қызыл түспен тұрақты жанады.

- Микрофон өшірілген.  
Микрофонды қосыңыз. (7-бетті қараңыз.)

### Soundbar құрылғысынан дыбыс шықпайды.

- Soundbar құрылғысының дыбыс деңгейі тым төмен немесе дыбыс өшірілген. Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Кез келген сыртқы құрылғы (STB, Bluetooth құрылғысы, мобильді құрылғы және т.б.) қосылған кезде, сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Теледидар дыбысын шығару үшін Soundbar құрылғысын таңдаңыз. (Samsung теледидары: Басты (🏠) → Мәзір → Баптаулар (⚙️) → Барлық баптаулар (⚙️) → Дыбыс → Дыб.шығысы → Select Soundbar)
- Soundbar құрылғысына қосылған кабель әлсіремеуі керек. Кабельді ажыратып, қайтадан жалғаңыз.
- Қуат кабелін толығымен алып, оны қайтадан қосып, қуат көзін қосыңыз.
- Өнімді іске қосып, әрекетті қайталаңыз. (33-бетті қараңыз.)

### Сабвуферден немесе артқы колонкалардан дыбыс шықпайды.

- Сабвуфер мен дыбыс колонкаларының артындағы жарық диодты индикатор көк түспен жанған-жанбағанын тексеріңіз. Егер индикатор көк түспен жыпықтаса немесе қызыл түспен жанып тұрған болса, Soundbar, сабвуферді және дыбыс колонкаларын қайта жалғаңыз. (14-бетті қараңыз.)
- Soundbar құрылғысы мен сабвуфер арасында кедергі болса, мәселе туындауы мүмкін. Құрылғыларды кедергілерден алыс аймаққа апарыңыз.
- Жақын жерде радиожилік сигналдарын жіберетін басқа құрылғылар қосылымды үзуі мүмкін.  
Динамикті осындай құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Қуат штепселін ажыратып, қайтадан жалғаңыз.

#### Сабвуферден және көлемдік дыбыс колонкасынан дыбыс дірілі, кешігулер немесе шу шыққан жағдайда

- Егер Soundbar құрылғысы мен сабвуфер арасында қандай да бір зат болса, мәселе туындауы мүмкін. Араларында мұндай зат болмайтындай етіп олардың орнын ауыстырыңыз.
- Сабвуфер және көлемдік дыбыс колонкасы Soundbar құрылғысынан ұзақ болғанда дыбыс дірілі немесе кешігулері орын алуы мүмкін. Оларды Soundbar құрылғысының жанына орналастырыңыз.
- Егер Soundbar құрылғысы радио кедергілер тудыратын аспаптың немесе электрлік құрылғының жанында орналасқан болса, дыбыс дірілі немесе кешігулері орын алуы мүмкін. Soundbar құрылғысын осындай радио кедергілер тудыратын құрылғылардан алыстау орналастырыңыз. (Мысалы, сымсыз маршрутизатор)
- ТД желісінің байланыс күйін сымсыздан сымды желіге ауыстырыңыз.

#### Сабвуфердің дыбыс деңгейі тым төмен

- Ойнатылатын контенттің бастапқы дыбыс деңгейі төмен болуы мүмкін. Сабвуфердің деңгейін реттеуге тырысыңыз. (9-бетті қараңыз.)
- Сабвуфердің динамигін өзіңізге жақындатыңыз.

#### Егер теледидар HDMI TO TV арқылы жалғанбаған болса (eARC/ARC)

- HDMI кабелі ARC клеммасына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. (17-бетті қараңыз.)
- Қосылған сыртқы құрылғының (теледидар, телеприставка және т.б.) себебінен қосылу мүмкін емес. Soundbar құрылғысын тікелей жалғаңыз.
- HDMI-CEC теледидарда іске қосылмаған болуы мүмкін. Теледидардың мәзірінде CEC қосыңыз. (Samsung теледидары: Басты (⏏) → Мәзір → Баптаулар (⚙) → Барлық баптаулар (⚙) → Қосылым → External Device Manager → Anynet+ (HDMI-CEC) ON)
- eARC функциясымен жалғау үшін, теледидардың мәзірінде eARC функциясы «Қосылу» күйіне орнатылуы керек. (Samsung теледидары: Басты (⏏) → Мәзір → Баптаулар (⚙) → Барлық баптаулар (⚙) → Дыбыс → Expert Settings → HDMI-eARC Mode (Auto))

#### Теледидарда «HDMI TO TV» (eARC/ARC) режимінде жалғағанда дыбыс шықпайды

- Құрылғы кіріс сигналын ойната алмайды. Теледидардың дыбыс шығысын PCM немесе Dolby Digital жүйесіне өзгертіңіз. (Samsung теледидары үшін: Басты (⏏) → Мәзір → Баптаулар (⚙) → Барлық баптаулар (⚙) → Дыбыс → Expert Settings → Digital Output Audio Format)

#### Soundbar құрылғысы Bluetooth арқылы жалғанбайды.

- Жаңа құрылғы жалғаған кезде, жалғау үшін **"BT PAIRING"** режиміне ауыстырыңыз. (Қашықтан басқару пультіндегі **PAIR** түймесін немесе корпустағы **Микрофон қосылу/өшірулі**) түймесін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.)
- Soundbar құрылғысы басқа құрылғыға қосылған болса, сол құрылғыны ауыстыру үшін, алдымен оны ажыратыңыз.
- Қосу үшін құрылғыдағы Bluetooth динамиктерінің тізімін жойғаннан кейін оны қайта жалғаңыз. (Samsung теледидары: Басты (⏏) → Мәзір → Баптаулар (⚙) → Барлық баптаулар (⚙) → Дыбыс → Дыб.шығысы → Bluetooth динамиктері тізімі)
- Автоматты теледидар қосылымы өшірулі болуы мүмкін. Soundbar құрылғысы **"BT READY"** режимінде болғанда, **ON-TV CONNECT** параметрін таңдау үшін Soundbar қашықтан басқару пультіндегі **Сол жақ** түймесін 5 секунд басып тұрыңыз. Егер **OFF-TV CONNECT** хабары көрсетілсе, таңдауды ауыстыру үшін **Сол жақ** түймесін 5 секунд қайта басып тұрыңыз.
- Қуат штепселін ажыратып, қайтадан жалғаңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.
- Өнімді іске қосып, әрекетті қайталаңыз. (33-бетті қараңыз.)

#### Bluetooth арқылы қосылған кезде дыбыс шығады.

- Soundbar құрылғысына тым жақын орнатылған жағдайда, кейбір құрылғылар, мысалы, микротолқынды пештер, сымсыз маршрутизаторлар және т.б. радиокедергілер тудыруы мүмкін.
- Егер Bluetooth арқылы жалғанған құрылғы Soundbar тақтасынан тым алыстап кетсе, бұл дыбыстың дұрыс шықпауына себеп болуы мүмкін. Құрылғыны soundbar тақтасына жақындатыңыз.
- Егер денеңіздің бір бөлігі Bluetooth трансиверімен байланыста болса немесе өнім металл жиһазға орнатылса, дыбыс дұрыс шықпауы мүмкін. Орнату ортасын және пайдалану шарттарын тексеріңіз.

#### Soundbar құрылғысы Wi-Fi желісіне қосылмайды.

- Сымсыз роутердің қосылуы болып тұрғанын тексеріңіз.
- Роутерді өшіріңіз, қайтадан қосыңыз және әрекетті қайталаңыз.
- Егер сымсыз сигнал тым әлсіз болса, soundbar жалғанбайды. Роутерді Soundbar құрылғысына жақынырақ жылжытып немесе мүмкін болған жағдайда Soundbar және роутер арасындағы кедергілерді азайтып көріңіз.
- Сымсыз роутер жаңа болса, желілік динамик параметрлерін қайтадан конфигурациялау керек.

#### Soundbar теледидармен бірге автоматты түрде қосылмайды.

- Теледидарды көру кезінде Soundbar құрылғысын өшіргенде, қуатты теледидармен синхрондау қолжетімсіз болады. Алдымен теледидарды өшіріңіз.

#### Бұл AVA функциясы келесі жағдайларда қолжетімді емес.

- AVA функциясы Q-Symphony функциясының көмегімен қолжетімді болмайды.
- AVA функциясы микрофон өшірілген кезде қолжетімді болмайды.

#### Auto EQ баптау процесі орындалмайды.

- Егер баптау процесі кезінде Soundbar құрылғысынан дыбыс шықса немесе қандай да бір сыртқы шу орын алса, баптау процесі орындалмай қалуы мүмкін. Баптау процесін тыныш ортада орындаңыз.
- Баптау процесі кезінде Soundbar құрылғысын қолданбаңыз.

#### Теледидарды Soundbar құрылғысына қосқаннан кейін Soundbar режимін қостым. Одан кейін теледидардан дыбыс шықпады.

- Soundbar құрылғысы теледидарға қосылып тұрғанда Soundbar құрылғысын мобильді құрылғыға қоссаңыз, Soundbar құрылғысы ТД қосылымын сақтай отырып дыбысты мобильді құрылғыдан шығарады. Осылайша теледидар дыбысы барлық жерге жеткізілмейді.
- Мобильді құрылғыны ажыратсаңыз, теледидар дыбысы қайтадан Soundbar құрылғысынан шығады.



## 13 ЛИЦЕНЗИЯ

---



Dolby, Dolby Atmos, and the double-D symbol are registered trademarks of Dolby Laboratories Licensing Corporation. Manufactured under license from Dolby Laboratories. Confidential unpublished works. Copyright © 2012-2021 Dolby Laboratories. All rights reserved.

---



For DTS patents, see <http://patents.dts.com>. Manufactured under license from DTS, Inc. (for companies headquartered in the U.S./Japan/Taiwan) or under license from DTS Licensing Limited (for all other companies). DTS, DTS:X, and the DTS:X logo are registered trademarks or trademarks of DTS, Inc. in the United States and other countries. © 2021 DTS, Inc. ALL RIGHTS RESERVED.

---



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.

---



- Apple, Airplay, iPhone, iPad, and Mac are trademarks of Apple Inc., registered in the U.S. and other countries.
  - Use of the Works with Apple badge means that an accessory has been designed to work specifically with the technology identified in the badge and has been certified by the developer to meet Apple performance standards.
- 

## 14 БАСТАПҚЫ КӨЗІ АШЫҚ ЛИЦЕНЗИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Бағдарламаның ашық көздерге қатысты сұрақтар бойынша сұраулар жіберу үшін Samsung Бағдарламаның ашық көз қызметіне (<http://opensource.samsung.com>) хабарласыңыз

## 15 ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

- Бұл нұсқаулықтағы суреттер мен иллюстрациялар тек анықтама үшін берілген және өнімнің іс жүзіндегі көрінісінен өзгеше болуы мүмкін.
- Төмендегі жағдайларда төлемақы алынуы мүмкін
  - (a) сіздің сұрауыңыз бойынша инженер шақырылып, сіздегі өнімде ешбір ақау жоқ екені анықталса (мысалы, пайдаланушы нұсқаулығы оқылмаған жағдайда).
  - (b) сіз құрылғыны жөндеу орталығына әкеліп, өнімде ешбір ақау жоқ екені анықталса (мысалы, пайдаланушы нұсқаулығы оқылмаған жағдайда).
- Техник маман үйіңізге келер алдында сіз төлейтін төлемақы мөлшерін хабарлайды.

# 16 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР ЖӘНЕ НҰСҚАУЛЫҚ

## Техникалық сипаттамалары

### Акустикалық жүйе

Үлгі атауы	HW-Q990B
Қуат көзі	Айнымалы тоқ 100-240 В ~ 50/60 Гц
Қуат тұтынуы	41 Вт
Салмағы	7,7 кг
Өлшемдері (Е x Б x Қ)	1232,0 x 69,5 x 138,0 мм
Жұмыс температурасының ауқымы	+5°C және +35°C аралығы
Жұмыс ылғалдылығының ауқымы	10 % және 75 % аралығында
КҮШЕЙТКІШ Номиналды шығыс қуаты	(18 Вт x 4) +(10 Вт x 2) + (18 Вт x 2) +(10 Вт x 1) + (18 Вт x 6)
Қолдау көрсетілетін ойнату пішімдері	Dolby 5.1ch / Dolby Digital Plus / Dolby TRUE HD / Dolby ATMOS / DTS 5.1ch / DTS HD / DTS-HD Master Audio / DTS:X / LPCM 8Ch
СЫМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚУАТЫ Wi-Fi макс. таратқыш қуаты	100 мВт 2,4 ГГц – 2,4835 ГГц, 100 мВт 5,15 ГГц – 5,25 ГГц, 100 мВт 5,25 ГГц – 5,35 ГГц
СЫМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚУАТЫ BT макс. таратқыш қуаты	100 мВт 2,4 ГГц – 2,4835 ГГц
СЫМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚУАТЫ SRD макс. таратқыш қуаты	25 мВт 5,725 ГГц – 5,850 ГГц

Сабвуфер атауы	PS-WB99B
Қуат көзі	Айнымалы тоқ 100-240 В ~ 50/60 Гц
Қуат тұтынуы	32 Вт
Салмағы	11,7 кг
Өлшемдері (Е x Б x Қ)	220,0 x 413,0 x 410,0 мм
КҮШЕЙТКІШ Номиналды шығыс қуаты	200 Вт
СЫМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚУАТЫ SRD макс. таратқыш қуаты	25 мВт 5,725 ГГц – 5,850 ГГц

Сымсыз көлемдік дыбыс колонкасы SET атауы	PS-RB99B (ОҢ ЖАҚ/СОЛ ЖАҚ)
Қуат көзі	Айнымалы тоқ 100-240 В ~ 50/60 Гц
Қуат тұтынуы	19 Вт
Салмағы	3,4 кг
Өлшемдері (Е x Б x Қ)	129,5 x 201,3 x 140,4 мм
КҮШЕЙТКІШ Номиналды шығыс қуаты	210 Вт
СЫМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚУАТЫ SRD макс. таратқыш қуаты	25 мВт 5,725 ГГц – 5,850 ГГц

### ЕСКЕРТПЕ

- Samsung Electronics Co., Ltd компаниясы техникалық сипаттамаларды ескертусіз өзгерту құқығын өзінде қалдырады.
- Салмақ және өлшемдер жуықталған.

## Сақтық шаралары: Егер сіз Wi-Fi желісін қоссаңыз/өшірсеңіз, Soundbar автоматты түрде қайта іске қосылады.

Wi-Fi Портты өшіру әдісі	Wi-Fi желісін қосу/өшіру үшін Soundbar құрылғысының қашықтан басқару пультіндегі <b>CH LEVEL</b> түймесін 30 секунд басып тұрыңыз.
Bluetooth Портты өшіру әдісі	Bluetooth қызметін қосу/өшіру үшін Soundbar құрылғысының қашықтан басқару пультіндегі <b>TONE CONTROL</b> түймесін 30 секунд басып тұрыңыз.



- Импорртаушы : «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA»  
(САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС  
Қазақстан Республикасы, А05D7M5, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 115, 3 қабат.  
Импортер : ТОО «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA»  
(САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ)  
Республика Казахстан, А05D7M5, город Алматы, Алмалинский район, улица Желтоқсан, 115, 3 этаж
- Өндіруші : Самсунг Электроникс Ко., Лтд. 129, Самсунг-ро, Ёнгтонг-гу, Сувон-си, Гунги-до, 16677, Корея Республикасы
- Производитель : Самсунг Электроникс Ко., Лтд. 129, Самсунг-ро, Ёнгтонг-гу, Сувон-си, Кёнги-до, 16677, Республика Корея
- Бұл өнім «SAMSUNG ELECTRONICS CO., LTD.» толық өндірістік бақылауында өндірілген. Өндіруші атауы (үлгісіне және көрсетілген заттабасына байланысты):
  1. HUIZHOU CITY BUMJIN TECHNOLOGY CO., LTD  
Қытай, B Block, JinHerui High Tech Industrial Park, ShanPo Village, LiLin Town, Zhongkai High Tech Zone, Huizhou City, Guangdong Province
  2. BUMJIN ELECTRONICS VINA Co., Ltd.  
Вьетнам, Lot 04, Dong Mai Industrial Zone, Dong Mai Ward, Quang Yen Town, Quang Ninh Province
  3. Eastech Systems (Huiyang) Co., Ltd.  
Қытай, DongFeng District Xin Xu, Hui Yang, GuangDong
  4. EASTECH (VN) COMPANY LIMITED  
Вьетнам, Lot B2-4, Cong Hoa industrial park, Cong Hoa ward, Chi Linh city, Hai Duong province
  5. Tonly Technology Co., Ltd. Tongqiao Factory  
Қытай, No. 88, North Of Luen Fat Road, Tongqiao Industrial Base, ZhongKai High-tech Development Zone, Huizhou City, Guangdong Province
  6. TONLY ELECTRONICS TECHNOLOGY VIETNAM CO., LTD  
Вьетнам, Lot CN-02, Dong Mai Industrial Zone, Dong Mai Ward, Quang Yen Town, Quang Ninh Province
  7. TCL Technoly Electronics (Huizhou) Co., Ltd. Zhongkai The Third Factory  
Қытай, No. 88, North Of Luen Fat Road, Tongqiao Industrial Base, ZhongKai High-tech Development Zone, Huizhou City, Guangdong
- Өндірілген күнін өнімдегі затбелгіден қараңыз.



[Осы өнімдегі батареяларды дұрыс тастау]

### (Бөлек жинау жүйелері бар елдерде қол жетімді)

Батареяда, нұсқаулықта немесе қаптамада көрсетілген бұл белгі осы өнімдегі батареялар қызметі аяқталғаннан кейін өзге үй қалдықтарымен бірге тасталмауы тиіс екенін көрсетеді. Белгі тұрса, Hg, Cd немесе Pb химиялық таңбалары батареядағы сынап, кадмий немесе қорғасын мөлшері 2006/66 ЕО директивасында көрсетілген деңгейлерден жоғары екенін білдіреді. Батареяларды тиісті түрде тастамаса, бұл заттар адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға зардап тигізуі мүмкін. Табиғи ресурстарды қорғау және материалдардың қайта пайдалануын ынталандыру үшін, батареяларды өзге қалдықтардан тыс ұстап, жергілікті батареяларды қайтару жүйесі арқылы қайта өңдеңіз.



Осы мониторды дұрыс тастау  
(қоқыс электр және электрондық жабдықтар)

### (Бөлек жинау жүйелері бар елдерде қол жетімді)

Монитордағы, керек-жарақтардағы немесе әдебиеттегі бұл белгі монитор және оның электрондық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш, гарнитура, USB кабелі) жұмыс мерзімінің соңында басқа үй қоқысымен бірге тастамау керек екенін білдіреді. Басқарылмайтын қоқысты тастаудан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына мүмкін зиянды болдырмау үшін материалдық ресурстардың қоршаған ортаға зиянсыз қайта пайдаланылуын ынталандыру үшін бұл заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөліңіз және жауапкершілікпен тастаңыз. Үй пайдаланушылары осы заттарды қоршаған ортаға қауіпсіз қайта пайдалану үшін қайда және қалай апара алатыны туралы мәліметтер алу үшін осы өнімді сатып алған сатушыға немесе жергілікті мекемеге хабарласу керек. Өнеркәсіптік тұтынушылар жеткізушіге хабарласуы және сатып алу келісімінің шарттарын тексеруі керек. Бұл мониторды және оның электрондық керек-жарақтарын тастау кезінде басқа пайдаланылған орамның қалдықтарымен араластырмау керек.

© 2022 Samsung Electronics Co., Ltd. All rights reserved.

## SAMSUNG WORLD WIDE қызметіне хабарласыңыз

Егер Samsung өнімдеріне қатысты сұрақтарыңыз немесе пікірлеріңіз бар болса, SAMSUNG тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Ел	Samsung қызмет көрсету орталығы ☎	Веб-сайт
RUSSIA	8-800-555-55-55	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
BELARUS	810-800-500-55-500	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
GEORGIA	0-800-555-555	
ARMENIA	0-800-05-555	
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799, 0799 (Uztelecom))	<a href="http://www.samsung.com/uz_ru/support">www.samsung.com/uz_ru/support</a>
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	
MONGOLIA	1800-25-55	
UKRAINE	0-800-502-000	<a href="http://www.samsung.com/ua/support">www.samsung.com/ua/support</a>
MOLDOVA	+373-22-667-400	<a href="http://www.samsung.com/ua/support">www.samsung.com/ua/support</a>